Климатический класс	SN,N,ST
Замораживающая способность за сутки, кг/сут	10
Максимальный уровень шума,дБ	38
Максимальное время сохранения замораживающей способности при сбое в электропитании,	10

Торговая марка	Hisense
Тип продукции	Холодильник-морозильник
Изготовитель	Gorenje gospodinjiski aparati, d.o.o. (Gorenje, d.o.o.) - Partizanska Cesta 12, 3320 Velenje, Slovenia
Импортер	ООО «Горенье БТ», Россия, 119180, г. Москва, Якиманская набережная д.4, стр. 1, эт.3, пом. I, ком. 55.
Срок службы	7 лет
Сервисное обслуживание	Обслуживанием бытовой техники занимаются авторизованные сервисные центры. Список сервисных центров можно найти на сайте ru.hisense.com и по запросу в информационный центр по телефону 8 800 510 99 99 (звонок по России бесплатный)



Сделано в Китае

Hisense

life reimagined

ПАЙДАЛАНУШЫ НҰСҚАУЛЫҒЫ

Мына құрылғыны пайдаланар бұрын, осы нұсқаулықты мұқият оқып шығыңыз және оны келешекте пайдалану үшін сақтап қойыңыз.

RT641N4ACE RT641N4AF1

KZ

Қазақстан

Қауіпсіздік және ескерту туралы ақпарат	3
Жаңа құрылғыны орнату.....	12
Құрылғы сипаттамасы	17
Басқару панелі	19
Құрылғыны пайдалану.....	23
Пайдалы кеңестер	26
Тазалау және күтім жасау.....	27
Ақауларды жою	29
Құрылғыны кәдеге жарату	30

Қауіпсіздік және ескерту туралы ақпарат

Сіздің және басқалардың қауіпсіздігі өте маңызды.

Осы нұсқаулықта және құрылғыңызда көптеген қауіпсіздік хабарламаларын бердік. Барлық қауіпсіздік хабарламаларын оқып шығып, оларды орындаңыз.



Бұл қауіпсіздік туралы ескерту таңбасы.

Бұл таңба сізді және басқаларды өлтіруі немесе жарақаттауы мүмкін болжалды қауіптер турлы ескертеді. Барлық қауіпсіздік хабарламаларынан кейін қауіпсіздік туралы ескерту таңбасы және «ҚАУІПТІ», «ЕСКЕРТУ» немесе «НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ» сөзі жүреді.

Бұл сөздердің мағынасы мынадай:



ҚАУІПТІ

Нақты қауіп төндіретін жағдай. Дерееу орындамасаңыз, өлуіңіз немесе қатты жарақаттануыңыз мүмкін



ЕСКЕРТУ

Алдын алмаған жағдайда, өлімге немесе ауыр дене жарақатына әкелуі мүмкін болжалды қауіп жағдайы.



НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Алдын алмаған жағдайда, орта немесе жеңіл жарақатқа әкелуі мүмкін болжалды қауіп жағдайы.

Барлық қауіпсіздік туралы хабарламалар болжалды қауіптің не екендігін көрсетеді, жарақат алу мүмкіндігін қалай төмендетуге болатынын және нұсқаулықтар орындалмаған жағдайда не болатынын көрсетеді.



Қауіпсіздік және ескерту туралы ақпарат

Қауіпсіздікті сақтау және дұрыс пайдалану үшін мына нұсқаулықты мұқият оқып шығыңыз. Оның ішінде маңызды қауіпсіздік нұсқаулары және нұсқаулықтар бар. Құрылғыны орнатар және пайдаланар бұрын, кез келген сәтсіз оқиғалардың алдын алу үшін жұмысы мен қауіпсіздік функцияларымен танысып өтіңіз. Бұл нұсқаулықты қолыңыз жететін жерде сақтаңыз және тоңазытқыштың иесі немесе орны ауысса, оны жаңа иесі пайдалануы және қауіпсіздік бойынша дұрыс нұсқаулық алуы үшін табыстаңыз.

Осы нұсқаулықтарды орындамау нәтижесінде орын алған қандай да бір зақымға өндіруші жауапты емес.

Балалардың және осал топ тұлғаларының қауіпсіздігі

➤ EN стандарттарына сәйкес

Бұл құрылғыны 8 жастағы және одан үлкен балалар және физикалық, сенсорлық немесе ақыл-ой мүмкіндіктері төмен немесе тәжірибесі және білімі жеткіліксіз адамдар құрылғыны қауіпсіз пайдалану туралы нұсқаулар алған болса және қатысты қауіптерді түсінсе, пайдалана алады. Балалар құрылғымен ойнамауы тиіс. Тазалау және пайдаланушылық қызмет көрсету жұмыстарын балалар қараусыз жасамауы тиіс. 3 және 8 жас аралығындағы балалар тоңазытқышты тек ересектердің қарауымен жүктеуі және түсіруі тиіс.

➤ IEC стандарттарына сәйкес

Бұл құрылғыны физикалық, сенсорлық немесе ақыл-ой мүмкіндіктері төмен немесе тәжірибесі және білімі жеткіліксіз адамдар (оның ішінде балалар) қауіпсіздігіне жауапты адамнан құрылғыны пайдалану туралы нұсқау алмаса немесе қадағаланбаса, пайдаланбауы тиіс.

➤ Балалардың құрылғымен ойнамауын қадағалаңыз.

➤ Тұншығып қалу қаупінің алдын алу үшін қаптама материалдарының барлығын балалардан аулақ ұстаңыз.

➤ Құрылғыны кәдеге жарату кезінде, оны ашадан суырып, қуат сымын құрылғыға жақын етіп кесіңіз де, электр шоғын алмас үшін және балалардың қамалып қалмасы үшін есіктерін алып тастаңыз.

➤ Ескі құрылғыны алмастыру кезінде, қысылып қалу қаупінің алдын алу үшін ескі құрылғының ілмегі немесе пружиналық құлпы (егер ондай болса) жұмыс істемейтіндей етілгенін тексеріңіз.



Жалпы қауіпсіздік

- **ЕСКЕРТУ!** Бұл құрылғы тұрғын үйлерде және соған ұқсас орындарда пайдаланылуға арналған, мысалы:
 - дүкендегі, кеңселердегі және басқа жұмыс орталарындағы қызметкерлердің асүйі;
 - фермалар, қонақүйлер, мотельдер және басқа тұрғылықты орталар;
 - «Жатын орын және таңғы ас» типіндегі орталарда;
 - кейтеринг және басқа бөлшек саудаға жатпайтын қолданыстар.
- **ЕСКЕРТУ!** Құрылғының ішінде жанғыш отыны бар аэрозоль банкалары секілді жарылғыш заттарды сақтамаңыз.
- **ЕСКЕРТУ!** Қуат сымы зақымданған болса, қауіпті жағдайлардың алдын алу үшін оны өндіруші немесе білікті маман ауыстыруы тиіс.
- **ЕСКЕРТУ!** Ауа ағыны дұрыс жүруі үшін құрылғының желдеткіш саңылауларын жаппаңыз.
- **ЕСКЕРТУ!** Механикалық құрылғыларды немесе өндіруші ұсынбаған басқа әдістерді пайдалану арқылы жібіту процесін жеделдетуге тыйым салынған.
- **ЕСКЕРТУ!** Тоңазыту агентінің тізбегін зақымдамаңыз.
- **ЕСКЕРТУ!** Өндіруші мақұлдамаған болса, тоңазытқыштың ішінде электр құрылғыларын пайдаланбаңыз.
- **ЕСКЕРТУ!** Тоңазыту агенті мен оқшаулағыш газдар жанғыш келеді. Құрылғыны авторландырылған орталық арқылы кәдеге жаратыңыз. От көзінен аулақ ұстаңыз.
- **ЕСКЕРТУ!** Құрылғыны орналастыру кезінде, қуат сымының қысылып қалмағанын немесе зақымданбағанын тексеріңіз.

- **ЕСКЕРТУ!** Құрылғының артқы жағына бірнеше портативті розетканы немесе қуат көзін пайдаланбаңыз.
- **ЕСКЕРТУ!** Тоңазытқыштың ішіндегі тазалықты сақтау және бірдеңенің төгілуінің алдын алу үшін тамақты қапқа салыңыз және сұйықтықтарды аузы жабылған бөтелкеге немесе қақпағы бар контейнерде сақтаңыз.



Таңба ескертуге жатады және тоңазыту агенті мен оқшауламаны үрлейтін газдың жанғыш екендігін көрсетеді.

Ескерту: Өрт қаупі / жанғыш материалдар

Жарықтандыру шамдарын ауыстыру

- **ЕСКЕРТУ!** Жарықтандыру шамдарын пайдаланушы ауыстырмауы тиіс! Жарық диодты шам зақымданған болса, көмек алу үшін тұтынушыларды қолдау орталығына хабарласыңыз. Бұл тек шамдары бар тоңазытқыштарға қатысты.

Тоңазыту агенті

Құрылғыда табиғи, экологиялық таза, бірақ тез тұтанатын изобутен (R600a) газы бар. Тасымалдау және орнату кезінде, тоңазыту агентінің тізбегін зақымдап алмаңыз.

Тоңазыту агенті (R600a) жанғыш.

- **ЕСКЕРТУ!** Тоңазытқыштардың тоңазыту тізбегінде тоңазыту агенті және газдар бар. Бұл материалдар кәсіби түрде кәдеге жаратылуы тиіс, өйткені олар көзге зиян немесе тұтануы мүмкін. Дұрыс кәдеге жаратар алдында, суық агент тізбегінің түтікшесі зақымданбағанын тексеріңіз.



Ескерту: От қаупі

Суық агент тізбегі зақымданса:

- Ашық алау және от көздерінен аулақ ұстаңыз.
- Құрылғының айналасы жақсы желдетілетінін тексеріңіз.

Бұл өнімге қандай да бір өзгертулер енгізу қауіпті.

Қуат сымына тиетін зақым тізбектің тұйықталуына, өртке немесе ток соғуға алып келуі мүмкін.



Электр қауіпсіздігі

- Қуат сымын ұзартпаңыз.
- Қуат сымының зақымданып-зақымданбағанын ара-сыра тексеріп тұрыңыз. Зақымданған аша аса қызып кетіп, өрт шығуы мүмкін.
- Негізгі қуат ашасы әрқашан оңай қол жететін жерде болуы тиіс.
- Қуат ашасын розеткадан суыру үшін қуат сымынан тартпаңыз.
- Егер розетка бос тұрса, қуат ашасын сұқпаңыз. Ток ұруы немесе өрт шығуы мүмкін.
- Құрылғыны ішкі жарықтандыру қақпағынсыз пайдалануға болмайды.
- Тоңазытқышты 220~240 В / 50 Гц (айнымалы ток) қуат көзімен пайдалануға болады. Пайдаланушының тұрғылықты ауданында кернеу ауытқуы тым үлкен болып, жоғарыдағы ауқымнан тыс шығып кетсе, қауіпсіздік мақсатында тұрақтандырғышты пайдаланыңыз. Егер жергілікті кернеу ауытқулары осы шектеулерден асып түссе, қауіпсіздік мақсатында кемінде 350 ваттық кернеу реттегішін пайдалану керек. Тоңазытқышты басқа электр құрылғыларымен ортақ розеткамен пайдаланғанның орнына, оны өзінің арнайы розеткасымен пайдалану керек. Ол жерге тұйықтауы бар розеткаға сәйкес болуы керек.

Күнделікті пайдалану

- Тұтанғыш газды немесе сұйықтықты құрылғыда сақтамаңыз. Жарылыс қаупі бар.
- Тоңазытқыштың ішінде, балмұздақ жасағыш немесе миксерлер секілді электр құрылғыларын пайдаланбаңыз.
- Қуат ашасынан суырар кезде, сымды тартқанның орнына, розеткадан ашадан ұстап суырыңыз.
- Құрылғының пластик бөліктерінің жанына ыстық заттар қоймаңыз.
- Тамақ өнімдерін артқы жақ қабырғасына ауа айналымын жабатындай етіп тақап қоймаңыз.
- Алдын ала қапталған мұздатылған тағамды сақтау бойынша өндірушінің нұсқаулықтарын орындаңыз.
- Сақтау ұсыныстарын қатаң қадағалай қажет. Сақтау бойынша тиісті нұсқаулықтарды қараңыз.
- Газдалған немесе көпіретін сусындарды мұздатпаңыз, себебі олар жарылып, тоңазытқышты зақымдауы мүмкін.
- Мұздатылған тағамды тікелей мұздатқыштан тұтыну үсік тудыруы мүмкін.
- Құрылғыны тікелей күн сәулесіне қаратып қоймаңыз.
- Өрт қаупінің алдын алу үшін құрылғыны ашық от көзінен аулақ ұстаңыз.
- Бұл құрылғы осы нұсқаулықта егжей-тегжейлі сипатталғандай тұрмыстық жағдайда тамақ пен сусындарды сақтауға арналған. Бұл құрылғы ауыр. Оны жылжыту кезінде абай болу керек.

- Теріні зақымдап алмас үшін дымқыл қолмен мұздатқыштағы заттарды ұстап, шығармаңыз.
- Тоңазытқыштың негізіне, тартпаларына немесе есіктеріне мінбеңіз немесе сүйенбеңіз.
- Жібiгеннен кейiн, мұздатылған тағамды қайта мұздатуға болмайды.
- Мұзды тiкелей мұздатқыштан жеу аузыңыздың немесе ернiңiздiң үсiп кетуiне әкелуi мүмкiн.
- Жарақат алудың немесе құрылғыны зақымдаудың алдын алу үшiн есiк сөрелерi мен көкөнiс салатын тартпаларды шамадан тыс жүктемеңiз.
- Бұл құрылғы кiрiстiрiп орнатылуға арналмаған.



Назар аударыңыз!

Күтім жасау және тазалау

- Тазалау немесе техникалық қызмет көрсету алдында, құрылғыны қуат көзінен ажыратыңыз.
- Құрылғыны темір заттармен, бумен тазалағышпен, эфир майларымен, органикалық еріткіштермен немесе абразивті тазартқыштармен тазаламаңыз.
- Мұздатқыш камерасын жібiту үшiн өткiр заттарды пайдаланбаңыз. Одан да, пластик қырғышты пайдаланыңыз.

Маңызды орнату нұсқаулықтары

- Берiлген барлық электр қосылымы нұсқаулықтарын орындаңыз.
- Қорабын ашу кезiнде, құрылғының зақымы бар-жоғын тексерiңiз. Құрылғы зақымданған болса, оны қоспаңыз. Зақымы туралы сатып алған жерiңiзге хабарлаңыз. Бұл жағдайда қаптамасы сақтау қажет.

- Құрылғыны қосар алдында, тоңазыту агенті компрессорға оралғанына көз жеткізу үшін кем дегенде төрт сағат күтіңіз.
- Құрылғының айналасында ауа айналымы дұрыс болуы қажет, әйтпесе құрылғы шамадан тыс қызуы мүмкін. Ауа айналымын жеткілікті ету үшін, орнатуға қатысты нұсқаулықтарды орындаңыз.
- Өрт шығу мүмкіндігін азайту үшін құрылғының артқы жағындағы жылы бөлшектерін (мысалы, компрессор) қабырғаға тигізбеңіз немесе оған қатты жақындатпаңыз.
- Құрылғыны жылу радиаторының немесе пештің жанына қоймаңыз.
- Орнатылған соң, қуат беру ашасы қол жететін жерде болуы тиіс.

Сервис

- Электр жұмыстарын тек білікті электр маманы жасауы тиіс.
- Бұл өнімге тек авторландырылған сервис орталықтары түпнұсқа бөлшектерін пайдалана отырып, қызмет көрсетуі тиіс.
 1. Құрылғы аяздан қорғалған болса.
 2. Құрылғыда мұздатқыш камерасы болса.

Тағамдарыңыз қауіпсіз әрі бұзылмаған күйде қалуы үшін мына нұсқауларды орындаңыз:

- Есікті ашық күйде ұзаққа қалдырмаңыз. Бұл әрекет құрылғы ішіндегі температураны әжептеуір жоғарылатуы мүмкін.
- Тағаммен жанасқан беткейлер мен дренаждық жүйелерді үнемі тазалап тұрыңыз.
- Шикі ет немесе балық басқа тағамдармен жанаспауы немесе оларға тамып кетпеуі үшін оларды тиісті контейнерлерде сақтаңыз.
- Алдын ала мұздатылған тағамдарды сақтау, балмұздақ және мұз текшелерін жасау үшін екі жұлдызды мұздатқыш камераларын падаланыңыз.
- Балғын тағамдар бір, екі немесе үш жұлдызды камераларда мұздатылмауы тиіс.



Жаңа құрылғыны орнату

Құрылғыны пайдаланар алдында мына маңызды кеңестер есіңізде жүрсін.

Ескерту!

Бұл тоңазытқыш дұрыс орнатылуы үшін еденмен бір биіктіктегі тегіс және қатты бетке орналастырылуы тиіс. Бұл бет толықтай жүктелген тоңазытқышты көрете алуы тиіс.

Роликтерді (дөңгелек емес) тек алдыға немесе артқа жылжыту үшін пайдалануға болады. Тоңазытқышты оңға немесе солға жылжыту арқылы еденді және роликтерді зақымдап алуға болады.




Құрылғыны желдету

Құрылғы айналасында ауа айналымы жақсы болса, салқындату тиімділігі күштірек болады, сондай-ақ энергия да үнемделеді. Жылу шығып кете алатында жеткілікті орын бар екендігін тексеріңіз.

Кеңес:

Артқы жағы мен қабырға арасында 50-70 мм (2-3 дюйм), төбесінен кем дегенде 100 мм (4 дюйм), шеттерінен қабырғаға дейін кем дегенде 100 мм (4 дюйм) және есіктің 130° бұрышпен ашып-жабылуы үшін алдыңғы жағынан жеткілікті орын қалдырыңыз. Төмендегі суретті қараңыз.



Ескертпе:

• Бұл құрылғы SN және ST климаттық кластар аралығында жақсы жұмыс істейді. Құрылғы көрсетілген ауқымдағы температурадан жоғары немесе төмен жерде ұзақ уақытқа қалдырылса, дұрыс істемей қалуы мүмкін.



Климаттық класс	Орта температурасы
SN (субнормалы)	+10°C және +32°C аралығы
N (нормалы)	+16°C және +32°C аралығы
ST (субтропикалық)	+16°C және +38°C аралығы

- Ылғал жиналмасы үшін құрылғыңызды құрғақ жерге қойыңыз.
- Құрылғыны тікелей күн сәулесінен, жаңбырдан немесе қыраудан аулақ жерде ұстаңыз. Құрылғыны пеш, от немесе жылытқыштар секілді жылу көздерінен алыс жерге қойыңыз.

Деңгейі бойынша туралау

Құрылғының еденге дұрыс тұруы және астыңғы жағынан ауа жақсы айналуы үшін астыңғы аяқшаларын реттеу керек болуы мүмкін. Оларды қолмен немесе тиісті сомын кілтімен реттеуге болады.

Есіктер өздігінен жабылуы үшін жоғарғы жағын 10-15 мм-ге сәл артқа еңкейтеңіз.




Ескертпе:


Бөлшектерді зақымдап алмас үшін бөлшектелген құрылғыны жұмсақ пенопластіге немесе ұқсас материалға қойыңыз.

Мұздатқыш тартпасын бөлшектіңіз.


1. Мұздатқыш камерасы жоғарғы тартпадан, төменгі тартпадан, екі науадан және мұз қорапшасынан тұрады;
2. Мұздатқыш камерасының есігін ашыңыз; Бағыттағыштардың реттеуіш блогын (А) жоғары тартып, мұздатқыш камера есігінің тартпасын (А) ақырғы күйіне дейін өзіңізге тартыңыз.



3. Науаны (В) көрсеткі бағытымен жоғары қарай көтеру арқылы шығарыңыз.




4. Төменгі мұздатқыш тартпасын (С) жоғары көтеру арқылы шешіңіз.




Мұздатқыш тартпасын қайта жинау
 Құрылғы ақырғы орнына жылжытылған соң, тартпаны қайта бекіту үшін бөлшектерді кері бағытта жинаңыз.

Төменгі тартпаны орнату


1. Тартпаны өз орнына қою үшін оны көрсеткі бағытымен төмен итеріңіз.



2. Науаны тартпаға салып, оны басыңыз және науа роликтерінің мұздатқыш камераның филесіне жанасып жатқанын тексеріңіз.



3. Мұздатқыш камерасының есігін көрсеткі бағытымен итеріп, жабыңыз.



Есік бағыттарын ауыстыру

Қажет болса, есіктің ашылу бағытын оң жақтан (әдепкі бойынша) сол жаққа ауыстыруға болады.








Ескерту!

Есік бағыттарын ауыстыру кезінде, құрылғы қуат көзіне қосылмаған болуы тиіс.

Қажетті құралдар:


Берілмеген		
		
8 мм тұқыр кілті	Жіңішке минус пішінді бұрағыш	Шпатель
		
Плюс пішінді бұрағыш	Сомын кілті	8 мм кілт

Қосымша бөлшектер (пакетте)

		
жоғарғы ілмек-сол	ілмек қақпағы-сол	бұранда саңылауының қақпағы-оң
		
ортаңғы ілмек-сол	слот блок-сол*1	Есікті тоқтатқыш-сол*1
		
Алты қырлы кілт (4 мм)		

Ескертпе: Бөлшектерді зақымдап алмас үшін бөлшектелген құрылғыны жұмсақ пенопластіге немесе ұқсас материалға қойыңыз. Есік бағыттарын ауыстыру үшін келесі қадамдарды орындаған жөн.


1. Тоңазытқышты тігінен қойыңыз. Есік сөрелерін алып тастау (зақымдап алмас үшін) үшін есікті ашыңыз, кейін есікті қайта жабыңыз.




Назар аударыңыз!

Есік сөресін бір жағынан ортасына қарай қысып, шығару үшін жоғары қарай жылжытыңыз.


2. Бұранданы ① алып тастаңыз, кейін жоғарғы оң жағынан қақпағын ② алыңыз. Төмендегі электр коннекторын ③ абайлаңыз, өйткені ол әлі қосулы күйде. Одан кейін оны ажыратып, қақпақты ② шешіңіз.




3. Есіктің ажыратқышын ④ басып тұрып, жоғары қарай тарту арқылы шешіңіз. Ауыстырып-қосқышты ④ қақпаққа орнатыңыз ⑤ (пластик пакетте). Басқа қақпақты ② пластик пакетке салыңыз.




4. Бұрандаларды ① 8 мм тұқыр кілтпен немесе сомын кілтімен босатып, ілмекті шешіңіз ②. Содан кейін коннекторды ③ саңылауға салыңыз. Орнату кезінде есікті бір қолмен ұстап тұрыңыз.




5. Жоғарғы есікті ақырындап жоғары көтеру арқылы ортаңғы ілмектен шешіңіз. Содан кейін жоғарғы есікті жоғарғы қақпағы жоғары қараған күйде орналастырыңыз.




6. Қақпақты ① (пластик пакетте жүреді) жоғарғы оң жаққа орнатыңыз. Содан кейін қақпақты ② құрылғының жоғарғы сол жағынан алып тастап, пластик пакетке салыңыз.




7. Бұранданы ③ босатып, ② бөлшекті және ① бөлшекті алыңыз да, ауыстырылатын есіктің сол жақ тоқтатқышын ④ және сол жақ есік тотқатқышын ⑤ (пластик пакетте жүреді) сол жаққа қарай бұрандамен орнатыңыз ③. ① бөлшегін және ② бөлшегін келешекте пайдалану үшін сақтап қойыңыз.




8. Бұрандаларды босатып, ортаңғы оң жақ ілмекті шешу үшін алты қырлы кілтті (пластик пакетте жүреді) және плюс пішінді бұрағышты пайдаланыңыз.




9. Бұранда саңылауының қақпақтарын ауыстырып, ортаңғы қақпақты сол жақтан оң жаққа қарай бұраңыз (төмендегі суретте көрсетілгендей).




10. Ортаңғы сол ілмекті орнатыңыз (пластик пакетті жүреді). Жоғарғы есікті тиісті орнына тасымалдаңыз. Есік деңгейін бекітіңіз, ортаңғы ілмек осін жоғарғы есіктің төменгі саңылауына жасаңыз. Ілмекті ② (пластик пакетте жүреді) бұрандалар арқылы орнатыңыз ①. Орату кезінде жоғарғы есікті бір қолмен ұстап тұрыңыз.



11. Жоғарғы сол жақтағы саңылаудан коннекторды алыңыз. Содан кейін оны жоғарғы сол жақ ілмектегі есік ажыратқышына қосыңыз.



12. Жоғарғы ілмек қақпағын ② сол жақ бұрышқа бұранда арқылы орнатыңыз ①.




13. Жоғарғы есікті ашып, есік сөрелерін орнатыңыз да, есікті жабыңыз.


Ескертпе:

Құрылғыңызда тұтқа болса, нұсқаулықты орындау арқылы орнын ауыстыруыңыз керек.

① бөлшегін және ④ бөлшегін туралап, бұрандаларды ② босатыңыз. Тұтқаны ③ оң жаққа ауыстырып, бұрандаларды ② орнатыңыз, содан кейін ① бөлшегін және ④ бөлшегін орнатыңыз.



Құрылғы сипаттамасы




- | | |
|--|----------------------------------|
| 1 Корпус | 12 Тоңазытқыш есігі |
| 2 Жарық диодты шам | 13 Жоғарғы сөре |
| 3 Шиша сөре | 14 Жұмыртқа науасы |
| 4 Иілгіш шарап сөресі (қосымша) | 15 Төменгі сөре |
| 5 Жел арнасы | 16 Тұтқа (қосымша) |
| 6 Балғындық аймағының қақпағы | 17 F1 бөлімінің есігі |
| 7 Балғындық аймағы | 18 Науа |
| 8 Көкөніс пен жеміс сақтау аймағының қақпағы | 19 Мұздатқыштың жоғарғы тартпасы |
| 9 Көкөніс пен жеміс сақтау аймағы | 20 F2 бөлімінің есігі |
| 10 Реттелмелі аяқшалар | 21 Мұздатқыштың төменгі тартпасы |
| 11 Wi-Fi модулі | 22 Мұз қорапшасы |

Ескертпе: Моделіңіздің функцияларына байланысты ол осы нұсқаулықтағы осы және басқа суреттерден өзгеше болуы мүмкін.

Ескертпе: Оңтайлы қуат тиімділігі үшін барлық құрамдастарды жоғарыда көрсетілгендей қайта орнатыңыз.

Құрылғы сипаттамасы




- | | |
|---|----------------------------------|
| 1 Корпус | 14 Жұмыртқа науасы |
| 2 Жарық диодты шам | 15 Бөтелке қойғыш |
| 3 Шиша сөре | 16 Ортаңғы сөре |
| 4 Иілгіш шарап сөресі (қосымша) | 17 Су сақтайтын бокс бөлігі |
| 5 Жел арнасы | 18 Төменгі сөре |
| 6 Балғындық аймағының қапағы | 19 Тұтқа (қосымша) |
| 7 Балғындық аймағы | 20 F1 бөлімінің есігі |
| 8 Көкөніс пен жеміс сақтау аймағының қапағы | 21 Науа бөлшегі |
| 9 Көкөніс пен жеміс сақтау аймағы | 22 Мұздатқыштың жоғарғы тартпасы |
| 10 Реттелмелі аяқшалар | 23 F2 бөлімінің есігі |
| 11 Wi-Fi модулі | 24 Мұздатқыштың төменгі тартпасы |
| 12 Тоңазытқыш есігі | 25 Мұз қорапшасы |
| 13 Жоғарғы сөре | |

Ескертпе: Моделіңіздің функцияларына байланысты ол осы нұсқаулықтағы осы және басқа суреттерден өзгеше болуы мүмкін.

Ескертпе: Оңтайлы қуат тиімділігі үшін барлық құрамдастарды жоғарыда көрсетілгендей қайта орнатыңыз.

Басқару панелі

Құрылғыңыздың басқару панелінен түрлі функциялар мен параметрлерді пайдалану үшін мына пайдалану нұсқауларын орындаңыз.



- A** Температураны орнату
- B** Есік дабылы
- C** Тоңазытқыш түймесі
- D** Мұздатқыш түймесі
- E** Супер мұздату белгішесі
- F** Бейімделгіш режим белгішесі
- G** Режим түймесі
- H** Күту режимінің белгішесі
- I** Қуат түймесі
- J** Wi-Fi белгішесі
- K** Супер салқындату белгішесі
- L** Қуат үнемдеу белгішесі

ЕСКЕРТПЕ

- Құрылғы қосылған соң, дисплей панеліндегі барлық белгішелер сигналдық дыбыспен бірге 3 секундқа жанады.
- Пернелерге тимесеңіз және есіктер бір минутқа жабық болса, белгішелердің барлығы өшеді.
- Тоңазытқыш есігі ашылғанда немесе кел келген белгішені түрткенде, басқару панелі жанады.

Назар аударыңыз!


Температура тек тоңазытқыш корпусындағы орташа температураны көрсетеді. Әр камерадағы температура панеліде көрсетілгеннен басқа болуы мүмкін. Бұл неше тағам сақталғанына және тоңазытқыштың орналасқан жеріне байланысты. Сонымен қатар жоғарғы бөлме мен төменгі бөлмедегі нақты температура әр түрлі болады. ЕСКЕРТПЕ: Тоңазытқышқа жоғары температура орнатылса, тағам тезірек бұзылады. Тағамды оңтайлы түрде сақтау үшін, тоңазытқышты алғаш рет іске қосқанда, тоңазытқыш температурасын 4°C етіп, ал мұздатқыш камерасының температурасын -18°C етіп орнатуға кеңес береміз.

⚠ Есік дабылы

Тоңазытқыш есігі 2 минуттан жоғары уақыт ашық тұрса, есік дабылы іске қосылады. «⚠» белгішесі жыпылықтай бастайды, ал дыбыстық сигнал минутына 3 рет шығады. Есік жабылған кезде, «⚠» белгішесі өшіп, дыбыстық сигнал өшеді. Оған қоса, есік дабылы автоматты түрде 10 минуттан кейін тоқтайды.


Fridge Тоңазытқыш температурасын реттеу

Тоңазытқыш температурасын орнату функциясын іске қосу үшін «Тоңазытқыш» түймесін түртіңіз. Содан кейін, түймені үздіксіз түртсеңіз, температу келесі реттілік бойынша орнатыла бастайды:



Freezer Мұздатқыш температурасының параметрлері

Мұздатқыш камерасының температурасын орнату функциясын іске қосу үшін «Мұздатқыш» түймесін түртіңіз. Содан кейін, түймені үздіксіз түртсеңіз, температу келесі реттілік бойынша орнатыла бастайды:



Mode Режим параметрі

Wi-Fi
Hold 3 Sec

«Режим» түймесі басылған сайын, тоңазытқыш режимі ағымдағы режимнен (болмаса, Бейімделгіш режимнен бастайды) және «Бейімделгіш - Супер мұздату - Супер салқындату - Қуат үнемдеу - Бейімделгіш 4» режимдері арасында ретімен ауысады, тиісті белгіше жанады және температураны көрсететін аймақ орнатылған температураны көрсетеді. Тоңазытқыш және мұздатқыш температурасын орнату кезінде, тиісті режимнен шығыңыз.



Бейімделгіш

Тоңазытқыш тағамды сақтау үшін ең қолайлы түрде жұмыс істейді.

ЕСКЕРТПЕ: Бейімделгіш режимде тоңазытқыш және мұздатқыш камераларының орнатылған температуралары 4°C және -18°C.



Супер мұздату

Бұл режимді мұздатқышқа жаңа салынған тағамды жылдам мұздату керек болғанда пайдаланыңыз.

ЕСКЕРТПЕ: Паспорттық тақтада көрсетілген мұздату қуатын пайдалану керек болса, Супер мұздатқышты мұздату камерасына балғын өнімдерді қояр бұрын 24 сағат алдында (ең кемінде) қосыңыз. Супер мұздату режимінде мұздату камерасындағы орнатылған температура -24°C. Тоңазытқыш камерасы Супер мұздату режиміне өтер бұрын орнатылған температурада жұмыс істей береді және 52 сағат жұмыс істеген соң автоматты түрде шығады.



Супер салқындату

Бұл режимді тоңазытқышқа қойылған тағамды жылдам салқындату керек болғанда, пайдалануға болады.

ЕСКЕРТПЕ: Супер салқындату режимінде тоңазытқыш камерасындағы орнатылған температура 2°C. Мұздатқыш камерасы Супер салқындату режиміне өтер бұрын орнатылған температурада жұмыс істей береді және 6 сағат жұмыс істеген соң автоматты түрде шығады.



Қуатты үнемдеу

ЕСКЕРТПЕ: Қуатты үнемдеу режимде тоңазытқыш және мұздатқыш камераларының орнатылған температуралары 6°C және -17°C.

Күту режимі

Күту режиміне кіру/шығу үшін «Қуат» түймесін 3 секунд бойы басып тұрыңыз.

ЕСКЕРТПЕ: Тоңазытқыш күту режиміне өткен кезде, тоңазытқыш салқындатуды тоқтатады және температураны орнату аймағында «--» таңбасы көрсетіледі.

Wi-Fi функциясы

Бұл құрылғыны смартфон немесе планшет арқыты қашықтан басқаруға болады. Құрылғы үйдегі желіге қосылмаған болса, ол әдепкі құрылғы ретінде жұмыс істей береді.

Құрылғыны қосу үшін сізге не қажет?

- Жергілікті сымсыз желі (Wi-Fi) сигналы құрылғы орнатылатын жерде жеткілікті түрде күшті болуы тиіс.
- Үйдегі желі роутері интернетке қосылған болуы тиіс және құрылғыдағы Wi-Fi функциясы іске қосылуы керек.
- Смартфон/планшет интернетке қосылған болуы керек.
- Смартфондағы/планшеттегі операциялық жүйе ConnectLife қолданбасымен үйлесімді болуы тиіс.

ConnectLife қолданбасы

ConnectLife қолданбасын Apple App Store немесе Google Play Store дүкендерінен тегін жүктеп алуға болады.



ConnectLife қолданбасын орнату

1. Смартфоннан/планшеттен App Store (Apple құрылғылары), AppGallery (Huawei құрылғылары) немесе Google Play store (Android құрылғылары) дүкеніне өтіңіз.

2. «ConnectLife» деп іздеңіз.



3. ConnectLife қолданбасын тандап, смартфонға/планшетке орнатыңыз.

АҚПАРАТ!

Құрылғыңызбен қосылым орнатар бұрын, мобильді қолданбаны жүктеп алып, орнатуға және ConnectLife аккаунтын жасауға кеңес береміз.

ҚҰРЫЛҒЫНЫ WI-FI ЖЕЛІСІНЕ ҚОСУ

Wi-Fi функциясын іске қосқан соң, құрылғыңызды ConnectLife мобильді қолданбасына қосу үшін құрылғыңызды үйдегі роутерге қосыңыз.

1-қадам: Құрылғыны әдепкі жұмыс күйіне орнатыңыз. «Режим» түймесін түртіп, шамамен 3 секунд ұстап тұрыңыз. Дисплейде «-» жазуы пайда болғанда, желі режиміне кіргеніңізді білдіреді.

2-қадам: 60 секунд ішінде «O» таңбасын таңдау үшін «Тоңазытқыш» пернесін түртіңіз.

3-қадам: Таңдалған режимді растау үшін «Режим» пернесін түртіңіз. Wi-Fi таңбасы жыплықтай бастайды, бұл дегеніміз құрылғы 5 минут уақытқа қосылуға дайын.

4-қадам: Wi-Fi таңбасы қосылғанда, Wi-Fi қосылымы сәтті орнатылды дегенді білдіреді. Дисплей қалыпты күйіне оралады.

ҚҰРЫЛҒЫНЫ ЖҰПТАСТЫРУ

Құрылғыны мобильді құрылғыңызбен жұптастыруға болады. Құрылғыңызға жай ғана басқа пайдаланушыны жұптастырыңыз. Бұл құрылғыңыз реттеулі және үйіңіздің желісіне қосулы болғанын талап етеді. Болмаса, кері оралып, БАЙЛАНЫС ОРНАТУ опциясын таңдаңыз.

1-қадам: Құрылғыны әдепкі жұмыс күйіне орнатыңыз. «Режим» түймесін түртіп, шамамен 3 секунд ұстап тұрыңыз. Дисплейде «-» жазуы пайда болғанда, желі режиміне кіргеніңізді білдіреді.

2-қадам: 60 секунд ішінде «P» таңбасын таңдау үшін «Тоңазытқыш» пернесін түртіңіз.

3-қадам: Таңдалған режимді растау үшін «Режим» пернесін түртіңіз. Бұл құрылғының ЖҰПТАСТЫРУ желісі 5 минут уақытқа қосылуға дайын.

4-қадам: Дисплей қалыпты күйіне оралғанда, «ЖҰПТАСТЫРУ» байланысы сәтті орнатылды дегенді білдіреді.

БАРЛЫҚ ЖҰПТАСТЫРЫЛҒАН ҚҰРЫЛҒЫЛАРДЫ АЖЫРАТУ



Бұл функцияны іске қоссаңыз, құрылғы барлық жұптастырылған қолданба аккаунттарынан жойылады.

1-қадам: Құрылғыны әдепкі жұмыс күйіне орнатыңыз. «Режим» түймесін түртіп, шамамен 3 секунд ұстап тұрыңыз. Дисплейде «-» жазуы пайда болғанда, желі режиміне кіргеніңізді білдіреді.

2-қадам: 60 секунд ішінде «88» таңбасын таңдау үшін «Тоңазытқыш» пернесін түртіңіз.

3-қадам: Ажырату үшін таңдалған режимді растау үшін «Режим» пернесін түртіңіз.


4-қадам: Құрылғы ажыратылған соң, ол желіні тарату күйіне өтеді, Wi-Fi белгішесі жыпылықтайды, 5 минутқа желі таратылады.



«Құрылғы сипаттамасы» бөлімінде көрсетілгендей, құрылғыңыз аксессуарлармен бірге жүреді. Оларды дұрыс пайдалану туралы білу үшін осы нұсқаулықтарды орындаңыз. Құрылғыны пайдаланар бұрын, оны мұқият оқып шығуға кеңес береміз.

Есік сөресі


- Ол жұмыртқаны, консервіленген сұйықтықты, бөтелкедегі сусындарды және оралған тағамды және т.б. сақтауға келеді. Сөрелерге тым көп ауыр заттарды қоймаңыз.
- Есік сөрелерін талаптарыңызға сәйкес әртүрлі биіктікте орналастыруға болады. Тағамды тігінен көтеріп орнын ауыстыру үшін оны сөреден шығарыңыз.



- Барлық есік сөрелерін шешіп, тазалауға болады.

Мұздатқыш камерасындағы сөре

- Тоңазытқыштағы камерасындағы сөрелерді шығарып, тазалауға болады.



Иілгіш шарап сөресі (қосымша)

- Ол бөтелкелі шарапты немесе сусындарды сақтауға арналған және оны шығарып тазалауға болады.

Ескертпе: Бөтелкедегі шарапты немесе суындарды жел арнасындағы ауа шығатын саңылаудың алдына қоймаңыз — мұздап кетуі мүмкін.

Балғындық аймағы

- Кейбір режимде қосымша фреш аймағы (тартпа) болады. Осы тартпадағы температураны төмендетіп, балықты, етті және басқа бұзылатын өнімдерді сақтауға болады. Әдетте бұл тартпадағы температура басқа фреш камераға қарағанда, шамамен 1°C-қа төмен болады. Төмендегі кестеде пайдалы ұсыныстар бар.

тоңазытқыш камерасының темп. реттеу	тағам түрі	ұсынылатын сақтау мерзімі
2 немесе 3 немесе 4°C	балық немесе ет	≤2 күн
5 немесе 6°C	жеміс	<2 апта
7 немесе 8°C	көкөністер	<5 күн


Ескертпе: Балғындық аймағының нақты температурасы нөл градустан төмен болуы мүмкін, сондықтан бұл тартпада сұйықтықтың қатып қалғаны қалыпты жағдай.

Көкөніс пен жеміс сақтау аймағы

- Көкөніс пен жеміс сақтау аймағы көкөністерді, жемістерді және т.б. сақтауға арналған.

Көкөніс пен жеміс сақтау аймағын және ылғалдылықты басқару

- Көкөніс пен жеміс сақтау аймағын басқа ылғалдылықта ұстау үшін Көкөніс пен жеміс сақтау аймағының қаппағындағы тұтқаны бұрауға болады. Тұтқаны солға итерсеңіз, көкөністер мен жемістерді ұзақ және балғын сақтай алатын жоғары ылғалдылықты сақтайсыз, оңға қарай итерсеңіз, ылғалдылық төмен болады. Бұл Көкөніс пен жеміс сақтау аймағының температурасын бақылауға және көкөністердің ылғалын жоғалтпауына арналған.



Мұздатқыш тартпасы

- Бұл мұздатылуы тиіс тағамдарды (мысалы, ет, балық, балмұздақ және т.б.) сақтауға пайдаланылады.

Мұз науасы


- Ол мұз текшелерін жасауға пайдаланылады. Мұз текшелерін жасау үшін мұз текшелерінің науаларына жоғарғы сызығынан асырмай (шамамен мұз науасы көлемінің сексен пайызы) су құйыңыз. Науаны мұздатқыш камераға салып, мұз текшелерінің жасалғанын күтіңіз (шамамен екі сағат). Текшелер жасалған соң, науаны сәл майыстырып, текшелерді шығарыңыз.



Ескертпе: Мұз науасы алғаш рет пайдаланылып жатқан болса немесе ұзақ уақыт пайдаланылмаған болса, пайдаланар алдында тазалаңыз.

Су диспенсері (тек су диспенсері бар құрылғылар)


Тоңазытқыш есігінде орналасқан су диспенсері сусындарды сақтауға арналған. Осы құрылғының арқасында тоңазытқышты ашпай-ақ салқын сусындарды алуға болады. Келесі кеңестерді қараңыз.



Пайдаланар бұрын


- Бұл құрылғыны алғаш рет пайдаланар бұрын, оны келесі нұсқаулықтарға сәйкес пайдалану керек:

1. Су резервуарының екі жағын қатты ұстап тұрып, су резервуарын жоғары-төмен сілкіп, тартып шығарыңыз.
2. Бас жағын алып, су резервуарымен бірше тазалаңыз.



Құрастыру

- Құрастырар бұрын, су резервуарындағы суды ағызып, шайбаның төңкеріліп тұрғанын тексеріңіз.
1. Басын саңылауға салыңыз.
 2. Резервуарды есіктегі бағыттағыштарға сәйкес бекітіңіз.
 3. Резервуардың екі жағын басыңыз.
 4. Сырт еткен дыбыс шықса, бұл сәтті орнатылғандығының белгісі.




Ескерту!

1. Бас жағын басып жібермеңіз;
2. Су резервуарын бекіткен кезде, бас жағы алдымен саңылауға салынғанына көз жеткізіңіз.

Су толтыру

1. Қақпағын жоғары бұрап ашыңыз.
2. Су толтырыңыз.



Назар аударыңыз!

- Ұсынылған деңгейден асырып су құймаңыз. Әйтпесе, қақпағы жабық болса да, бетінен тасып шығуы мүмкін.

Су құйып алу

- Су диспенсерінен су құйып алу үшін дұрыс стақан пайдалану керек.



Ескерту!

- Диспенсер тұтқасын стақансыз итермеңіз, әйтпесе диспенсердер су ағып кетуі мүмкін.

Реті	Камера түрі	Сақтау темп.[°C]	Тиісті тағам
1	Тоңазытқыш	+2~ +8	Жұмыртқалар, пісірілген тағамдар, оралған өнімдер, жемістер, көкөністер, сүт өнімдері, торттар, сусындар және басқа да мұздатуға болмайтын тағамдар.
2	(***)*-Мұздатқыш	≤-18	Теңіз өнімдері (балық, ашяандар, ұлулар), тұщы су өнімдері және ет өнімдері (3 айға дейін сақтаған жөн, сақтау мерзімі ұзағырақ болған сайын, дәмі мен тағамдық қасиеттері нашарлайды). Балғын түрдегі тағамдарды мұздатуға жарайды.
3	***-Мұздатқыш	≤-18	Теңіз өнімдері (балық, ашяандар, ұлулар), тұщы су өнімдері және ет өнімдері (2 айға дейін сақтаған жөн, сақтау мерзімі ұзағырақ болған сайын, дәмі мен тағамдық қасиеттері нашарлайды). Балғын түрде мұздатуға жарамайды.
4	** -Мұздатқыш	≤-12	Теңіз өнімдері (балық, ашяандар, ұлулар), тұщы су өнімдері және ет өнімдері (2 айға дейін сақтаған жөн, сақтау мерзімі ұзағырақ болған сайын, дәмі мен тағамдық қасиеттері нашарлайды). Балғын түрдегі тағамдарды мұздатуға жарамайды.
5	*-Мұздатқыш	≤-6	Теңіз өнімдері (балық, ашяандар, ұлулар), тұщы су өнімдері және ет өнімдері (1 айға дейін сақтаған жөн, сақтау мерзімі ұзағырақ болған сайын, дәмі мен тағамдық қасиеттері нашарлайды).
6	0-жұлдыз	-6~0	Балғын сиыр еті, балық, тауық еті және қаптамадағы өңделген тағамдардың кейбірі: Сатып алған күні немесе 3 күн ішінде тұтынған дұрыс. Жартылай инкапсуляцияланған өңделген тағамдар (мұздатуға болмайтын тағамдар)
7	Салқындату	-2~+3	Балғын/мұздатылған сиыр еті, тауық еті, тұщы су өнімдері және т.б. (0°C-тан төмен температурада 7 күн ішінде және 0°C-ден жоғары температурада тура сол күні тұтыну ұсынылады, дұрысы 2 күннен асырмаған жөн). Теңіз тағамы (0°C температурадан төмен болғанда 15 күн, 0°C температурадан жоғары сақтамаған жөн)
8	Балғын тағам	0~+4	Балғын сиыр еті, балық, тауық, пісірілген тағам және т.б. (тура сол күні тұтынған дұрыс, дұрысы 3 күннен асырмаған жөн)
9	Шарап	+5~+20	қызыл шарап, ақ шарап, шымырлайтын шарап және т.б.

Ескертпе: Тағамдарды тоңазытқыш камерасының белгіленген мақсаты мен температурасына сәйкес сақтаңыз.

- Ұзақ уақыт бойы пайдаланылмаса, көгеріп кетудің алдын алу үшін құрылғыны өшіріңіз, ішкі мұздарын жібітіңіз, тазалаңыз, құрғатыңыз және есігін ашық күйде қалдырыңыз.

Қуат үнемдеу бойынша кеңестер

- Қуат үнемдеу үшін кеңестерге жүгініңіз.
- Қуатты үнемдеу үшін есікті ашып тұру уақытын азайтыңыз.
- Құрылғыны тікелей күн сәулесі немесе пеш сияқты ыстық көзінен аулақ ұстаңыз.
- Дұрыс температура орнатыңыз.
- Құрылғыға жылы тағамды немесе буланып жатқан сұйықтықты салмаңыз.
- Құрылғыны жақсы желдетілетін, құрғақ жерге орнатыңыз. «Жаңа құрылғыны орнату» бөлімін қараңыз.
- Оңтайлы қуат тиімділігі үшін тартпалар, сіріспег аймақтары және сөрелер үшін өндіруші ұсынған конфигурацияны сақтаңыз.

Балғын тағамды салқындату бойынша кеңестер

- Ыстық тағамды тікелей тоңазытқышқа немесе мұздатқышқа қоймаңыз, өйткені ішкі температура көтеріледі, нәтижесінде компрессор көп жұмыс істеп, көбірек энергия жұмсалады.
- Тағамның иісі тарайтын болса, оның бетін жабыңыз немесе оны ораңыз.
- Тағамды айналасында ауа жеңіл айналатындай етіп қойыңыз.

Салқындату бойынша кеңестер

- Ет (барлық түрі) Полиэтиленге оларған тағам:
орап, көкөністер тартпасының үстіндегі шиша сөреге қойыңыз. Тағамды сақтау мерзіміне және өндіруші ұсынған жарамдылық мерзіміне назар аударыңыз.
- Пісірілген тағам, суық тағам және т.б.:
олардың бетін жауып, кез келген сөрене қоюға болады.
- Жемістер мен көкөністер:
олар арнайы тартпаға қойылуы тиіс.
- Ірімшік және май:
ауа өткізбейтін фольгаға немесе пластик пленкаға оралуы керек.
- Бөтелкедегі сүт:
қақпақтары болуы тиіс және есік сөрелерінде сақталуы керек.

Мұздату кеңестері

- Құрылғыны алғаш рет пайдаланар алдында немесе ұзақ уақыт бойы пайдаланбағанда, ол 2 сағатқа максималды қуатта қосулы болуы керек.
- Тағамдарды жылдам мұздату және жібіту үшін кіші өлшемде сақтаңыз.
- Ауа өткізбейтін фольганы немесе полиэтилен пленкаларды пайдаланыңыз.
- Мұздатылмаған, балғын тағамдарды мұздатылып қойған өнімдерге қатты жақындатпаңыз.
- Шығара салып, мұз болып тұрған өнімдерді тұтыну үсік тудыруы мүмкін.
- Оңай бақылай алуыңыз үшін мұздатылған өнімдерге белгіше жабыстырып, күнін жазып қойыңыз.

Мұздатылған тағамды сақтау бойынша кеңестер

- Сатушы мұздатылған тағамды дұрыс сақтағанын тексеріңіз.
- Жібіген соң, тағамды тез тұтыныңыз және де қайта мұздатпаңыз. Өндіруші ұсынған сақтау мерзіміне жүгініңіз.

Құрылғыны өшіру

Құрылғыны ұзақ уақытқа өшіру керек болса, іші көгеріп кетпесі үшін мына қадамдарды орындаңыз.

1. Тағамды шығарыңыз.
2. Құрылғыны розеткадан ажыратыңыз.
3. Ішкі бөлігін тазалап, кептіріңіз.
4. Ауа айналып тұруы үшін есіктерін сәл ашып қойыңыз.

Тазалау және күтім жасау

Гигиеналық мақсатта құрылғыны, оның ішінде сыртын және ішкі бөліктерін үнемі (кемінде екі айда бір рет) тазалап тұрыңыз.

Ескерту!

- Ток соғудың алдын алу үшін тазалау кезінде құрылғының розеткадан суырылғанына көз жеткізіңіз. Тазаудан бұрын құрылғыны өшіріп, оны розеткадан суырыңыз.

Сыртын тазалау

- Сыртқы беті әрдайым әдемі болып тұруы үшін оны үнемі тазалап тұрғаныңыз жөн.
- Басқару панелін жұмсақ, ылғалды шүберекпен тазалаңыз.
- Құрылғының бетіне су шашқанның орнына шүберекті сулаңыз. Бұл ылғалдың бір жерге ғана шоғырлануының алдын алады.
- Есіктерді, тұтқаларды және корпустың бетін жеңіл жуғыш затпен тазалап, құрғақ жұмсақ шүберекпен сүртіңіз.



Назар аударыңыз!

- Бетін сырып алмас үшін өткір заттарды пайдаланбаңыз.
- Еріткіш, көлікке арналған жуғыш зат, хлор, эфир майлары сияқты қатты химиялық заттарды немесе бензол сияқты органикалық еріткіштерді пайдаланбаңыз. Олар құрылғы бетін зақымдап, өрт қаупін тудыруы мүмкін.

Ішін тазалау

- Құрылғының ішін үнемі тазалап тұру керек. Тағам аз болғанда, тазалау жеңілірек болады. Ішкі бөлігін сода бикарбонатының сұйылтылған ерітіндісімен сүртіңіз, содан кейін сығылған спонжды немесе шүберекті алып, жылы сумен шайыңыз. Сөрелер мен себеттерді қайта салар бұрын, барлығы толықтай құрғақ екеніне көз жеткізіңіз. Беттерін және алып-салынбалы құрамдастарын ауыстырар бұрын, кептіріңіз.



- Бұл құрылғы автоматты түрде жібітілетін болса да, мұздатқыш есігі жиі ашылса немесе тым ұзақ ашық тұрса, мұздатқыш камераның ішкі қабырғаларында аяз пайда болуы мүмкін. Егер аяз қалыңдығы тым үлкен болса, мұздатқыш камерасы әжептеуір босағанда, келесі әрекеттерді орындаңыз:
 1. Тағамдар мен аксессуарларға арналған себеттерді шығарыңыз, құрылғыны розеткадан ажыратыңыз және есіктерін ашық қалдырыңыз. Осы процесті барынша тездету үшін бөлмені желдетіңіз.
 2. Жібітіліп болған соң, мұздатқыш камерасын жоғарыда көрсетілгендей тазалаңыз.

Назар аударыңыз!

- Мұздатқыш камерасын жібіту үшін өткір заттарды пайдаланбаңыз. Құрылғының іші толықтай құрғақ болмағанша, оны қоспаңыз немесе розеткаға қоспаңыз.

Есік тығыздағыштарын тазалау

- Есік тығыздағыштарын таза күйде ұстаңыз. Жабысқақ тағамдар мен сусындар тығыздағыштың корпусқа жабысып, есік ашылғанда жыртылуына себеп болуы мүмкін. Тығыздағышты жеңіл жуғыш затпен немесе жылы сумен жуыңыз. Тазалап болған соң, шайыңыз да, кептіріңіз.

Назар аударыңыз!

- Құрылғыны тығыздағыштар құрғатылып болған соң ғана қосыңыз.

Жарық диодты шамды ауыстыру:

Ескерту:

- Жарық диодты шамды білікті маман ауыстыруы тиіс. Жарық диодты шам зақымданған болса, көмек алу үшін тұтынушыларды қолдау орталығына

хабарласыңыз. Ауыстыру үшін мына қадамдарды орындаңыз:

1. Құрылғыны розеткадан ажыратыңыз.
2. Шам қақпағын шешу үшін, оны жоғары қарай итеріңіз.
3. Жарық диод қақпағын бір қолмен ұстап тұрыңыз да, оны ұяшық ілмегін басып тұрған күйде екінші қолмен тартыңыз.
4. Жаңа жарық диодты орнына сырт еткізіп орнатыңыз.

Су диспенсерін тазалау (су диспенсері бар модельдер үшін):

- Су резервуары 48 сағат пайдаланылмаған соң, оны тазалаңыз және су құбырына қосылған сумен жабдықтау жүйесі 5 күн бойын пайдаланылмаса, жуыңыз.

Ақауларды жою

Құрылғыңызға қатысты мәселелер туындаса, сервистік орталыққа жүгінбес бұрын, келесі тексеру жұмыстарын жүргізіңіз.

Ескерту! Құрылғыны өзіңіз жөндеуге тырыспаңыз. Төмендегі тексеру жұмыстары жүргізіліп, сонда да мәселе шешімін таппаса, білікті электр маманына, авторландырылған сервис орталығына немесе құрылғыны сатып алған сатушыға хабарласыңыз.

Мәселе:	Болжалды себебі және шешімі
Құрылғы дұрыс жұмыс істемейді	<ul style="list-style-type: none"> ➤ Қуат беру сымы розеткаға дұрыс қосылғанын тексеріңіз. ➤ Сақтандырғышты тексеріп, ауыстырыңыз немесе қажет болған жағдайда автоматты ажыратқышты қайта қосыңыз. ➤ Қоршаған орта температурасы тым төмен. Бұл мәселені шешу үшін камера температурасын суығырақ етіп орнатып көріңіз. ➤ Мұздатқыш камерасы жібіту циклінде немесе бірден компрессорды қорғауды бастаған соң, жұмыс істемеуі мүмкін.
Жағымсыз иістер	<ul style="list-style-type: none"> ➤ Құрылғының ішін тазалаңыз. ➤ Иісі шығатын тағамдарды, контейнерлерді немесе орағыш материалдарды тексеріңіз.
Құрылғыдан шығатын шу	<p>Қалыпты дыбысқа мыналар жатады:</p> <ul style="list-style-type: none"> ➤ Компрессор жұмыс істеп тұрған кездегі шу. ➤ Желдеткіш моторларынан шығатын ауа айналымының шуы. ➤ Су қайнап жатқан секілді бүлкілдеген дыбыс. ➤ Автоматты жібіту кезіндегі шытынау дыбысы. ➤ Компрессор іске қосылғаннан бұрынғы шыртыл. <p>Қалыптан тыс шуларды естісеңіз:</p> <ul style="list-style-type: none"> ➤ Тоңазытқыш түзу тұрғанын тексеріңіз. ➤ Құрылғыны қабырғаларға тақаманыз. ➤ Бір біріне соғылған бөтелкелер немесе контейнерлер.
Мотор үздіксіз жұмыс істейді	<p>Бұл мына жағдайларда орын алуы мүмкін:</p> <ul style="list-style-type: none"> ➤ Температура қажетті мәннен суығырақ етіп орнатылған. ➤ Жуырда үлкен көлемде жылы тағам қосылды. ➤ Орта температурасы жоғары. ➤ Есіктер тым жиі немесе тыс ұзақ уақытқа ашылады. ➤ Құрылғы өшкен күйде болған соң, жаңадан орнатылды немесе қайта іске қосылды.
Аяз қалыптасу	<ul style="list-style-type: none"> ➤ Ауа айналуы үшін саңылаулардың бөгелмегенін және сақталатын тағам айналасында орынның жеткілікті екенін тексеріңіз. Есіктің толықтай жабылатынын тексеріңіз. Аязды жою үшін «Тазалау және күтім жасау» бөлімін қараңыз.
Іші тым жылы	<ul style="list-style-type: none"> ➤ Есікті ашық күйде ұзаққа қалдырмаңыз. Есіктің жабылуына кедергі болатын ешқандай заттың жоқ екендігіне және құрылғының айналасында бос орын жеткілікті екендігіне көз жеткізіңіз.

Мәселе:	Болжалды себебі және шешімі
Іші өте суық	➤ «Басқару панелі» бөлімін қарап, температураны реттеңіз.
Есіктерді жабу үшін күш салу керек	➤ Есік өзімен жабылуы үшін тоңазытқыш сәл артқа (10-15 мм) еңкейтілгеніне көз жеткізіңіз. Бөгеудің бар-жоғын тексеріңіз.

Құрылғыны кәдеге жарату

Құрылғыны басқа тұрмыстық қалдықтармен қоқысқа лақтыруға болмайды.


Қаптама материалдар

Қайта өңдеуге болатын материалдар кәдеге жарату таңбасымен белгіленген. Қаптама материалын жауапкершілікпен кәдеге жаратыңыз.

Құрылғыны кәдеге жаратар бұрын

1. Құрылғыны розеткадан суырыңыз.
2. Қуат сымын кесіңіз.

Ескерту! Тоңазытқыштардың тоңазыту тізбегінде тоңазыту агенті және газдар бар. Бұл материалдар кәсіби түрде кәдеге жаратылуы тиіс, өйткені олар көзге зиян немесе тұтануы мүмкін. Дұрыс кәдеге жаратар алдында, суық агент тізбегінің түтікшесі зақымданбағанын тексеріңіз.

Дұрыс кәдеге жарату	
	<p>Осы өнімдегі немесе қаптамасындағы таңба оның әдепкі тұрмыстық қалдықтармен бірге қоқысқа тасталмауы керек екендігін көрсетеді. Оны кәдеге жарату үшін арнайы жинау пунктіне апару керек. Осы өнімді дұрыс кәдеге жарату арқылы қалдықты бұрыс басқаруға байланысты қоршаған орта мен денсаулыққа тиетін қауіптің алдын алуға көмектесіңіз. Осы өнімді кәдеге жарату бойынша қосымша деректер алу үшін жергілікті қалдықтарды басқару органына, тұрмыстық қалдықтарды шығару қызметіне немесе сатушыға хабарласыңыз.</p>

Техникалық сипаттамалары

моделі	RT641N4ACE RT641N4AF1
Номиналды кернеу / жиілік, В/Гц	220-240/50
Салқындатқыш агент және оның салмағы, гр	R600a, 60гр
Оқшаулау	Циклопентан
Таза салмағы, кг	91
Ені/Тереңдігі/Биіктігі	704*694*2000
Жалпы брутто көлемі, л	535
Пайдалы көлемі, л	455
Климаттық класс	SN,N,ST
Тәулігіне мұздату қабілеті, кг/тәул.	10
Шудың максималды деңгейі,дБ	38
Электр қуатында іркіліс кезінде мұздату қабілетін сақтаудың максималды уақыты, сағ	10

Сауда белгісі	Hisense
Өнімнің түрі	Тоңазытқыш- мұздатқыш
Өндіруші	Gorenje gospodinjski aparati, d.o.o. (Gorenje, d.o.o.) - Partizanska Cesta 12, 3320 Velenje, Slovenia
Импорттаушы	«Горенье БТ» ЖШС, Ресей, 119180, Мәскеу, Якиманская көш, 4, 1 үй, 3 қабат, үй-жай I, 55 бөлме
Қызмет ету мерзімі	7 жыл
Сервистік қызмет көрсету	Қазақстан Республикасының аумағында Hisense тұрмыстық техникаға қызмет көрсетумен уәкілетті сервистік орталықтар айналысады. Сервистік орталықтардың тізімін http://kz.hisense.com сайтынан және 8 800 200 09 99 телефон нөмірі (Қазақстан бойынша қоңырау шалу тегін) бойынша ақпарат орталығынан сұрау арқылы табуға болады.



Қытайда жасалған

Hisense
life reimagined